

Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің
"Жігерген" бөбекжай-бақшасы" МКҚК

«29» тамыз 2022



бекітуді

«29»

«Жігерген» бөбекжай балабақшасы МКҚК

**«Жігерген » бөбекжай бақшасының
2021-2022 оқу жылына
жылдық жұмыс жоспары**

ТҮСІНІКХАТ

2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру үшін ҚР оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды. Осы Стандарттың негізінде жасалған және 2022 жылдың 1 қыркүйегінен қолданысқа енгізілген Үлгілік оқу жоспары қолданылатын болады.

«Ақерке»бөбекжай»КМҚКжұмысоқужоспарынәзірлеудетөмендегінормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққаалды:

1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2.«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

7. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

8. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>

9. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

10.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

11.Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657>

12.Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

13.Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P0800000077>

14.Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

15.Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

16.Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

17. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен 9 жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

18. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

19. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама) http://rc-dd.kz/sites/rc-dd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2021/IMP_060821_kaz.pdf

2022 жылдың 31 тамыздағы «Ақерке» бөбекжай» КМҚК педагогикалық кеңесінің №1 хаттамасы.

Педагогтерге бағыт бағдар ретінде, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы «Әдістемелік нұсқаулық хат» негізге алынды www.irrd.kz

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын;

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

- әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу;

- балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету;

- салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен

азаматтық негіздері, патриотизм қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу,

көркемэстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамыту;
- Отанға, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беру.
Стандарт негізінде және ҰОЖсәйкес физикалық дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

- 1) дене шынықтыру;
- 2) сөйлеуді дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) сауат ашу негіздері;
- 5) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
- 6) сенсорика;
- 7) математика негіздері;
- 8) құрастыру;
- 9) қоршаған ортамен таныстыру;
- 10) сурет салу;
- 11) мүсіндеу;
- 12) жапсыру;
- 13) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Ерекше балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясын дамытуға және түзету жұмыстарын жоспарлауға негіз болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2 тарауы 16 тармашасына сәйкес балабақшаның бағытына байланысты «Ұлттық қазына», «Экологиялық соқпақ» вариативтік бағдарламалары әзірленді. Бұл вариативтік бағдарламалар «Ақбота» ортаңғы, «Қарлығаш» ересек және «Қазына» мектепалды даярлық топтарында аптасына бір рет жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

**Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілі қоғамдық жоспары**

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары		
		«Балбөбек» әр түрлі жас тобы		
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)	
1	Денешынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет	
	Денешынықтыру **	күн сайын	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	
3	Сенсорика	күн сайын	күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын	
	Сурет салу	күн сайын	күн сайын	
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын	
	Жапсыру	-	күн сайын	
	Құрастыру	-	күн сайын	
6	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет	
	Музыка ***	күн сайын	күн сайын	
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет			

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2022 жылғы «__» _____
№__ бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
2-қосымша

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары**

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары		
		әр түрлі жас тобы		
		Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)	
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет	
	Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту және көрке мәдебиет	күн сайын	күн сайын	
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет	
	Қазақ тілі***	күн сайын	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері	-	-	
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын	
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын	
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет	
	Музыка ****	күн сайын	күн сайын	
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет	-	-	-

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2022 жылғы «__» _____
№ __ бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
2-қосымша

**Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы)
мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
жоспары
(5 жастағы балалар)**

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркемәдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті		
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

****Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.**

*****Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.**

******Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.**